

«Көкшетау»

иммерсивті қойылым

(Сәкен Сейфуллиннің туылғанына 130 жыл толуына орай)

Қатысу ережесі жазылған ұсыныс қағаздары саяхат жасалатын залдың көрнекі жерінде ілініп тұрады.

Ұсыныстар:

- Басқа қатысушылармен жақсы қарым қатынаста болыңыз;
- Қиялыңызға ерік беріңіз;
- Жүйке жүйесі тұрақсыз адамдарға ұсынылмайды.

Өзін өзі ұстау ережелері:

- Іс әрекеттер көз жұмулы қалпында орындалады;
- Айтылған іс әрекеттерге қимылдап қатысып отырамыз (дауысымызды шығармай);
- Шараның қызықты өтуі сіздің белсенділігіңізге байланысты.

Шараның жүру барысы:

Жүргізуші:

Қайырлы күн, бүгінгі иммерсивті серуенге қатысушылар!

Қазір көздеріңізді таңғышпен байлап, құлақтарыңызға құлаққап кигіземіз. Белгі берілгенде ойын басталады, «Таңғышты шешуге болады» дегенде аяқталады. Егер ойын барысында ыңғайсыздыққа тап болсаңдар, немесе қорықсаңыздар бірден қолдарыңызды көтеріңіздер. Қазір құлаққаптар арқылы тамаша табиғат әлеміне саяхат жасайтын боламыз.

ЭПИЗОД №1

Жолсерік:

Қайырлы күн, достар! Мен сіздердің жолсеріктеріңізбін! Мені мұқият тыңдап отырыңыздар.

- Саяхатымыз басталды...

КӨКШЕТАУ

Сарыарқаның жасыл аралы Сәкен жырлаған Көкшетау мекеніне қош келдіңіз! Сіз сексен көл тоғысқан Көкшетаудың саясында келе жатырсыз. Ауасы дертке дауа, жұпар иісті. Жібектей желмен бірге тербелген әппақ қайыңның иіс майы мұрыныңды жарады. Көкте бұлттар көшіп, тау жаңғырығы бәрі бір-бірімен әдемі үйлеседі. Осы тұста Көкшетау жұпарынан бір жұтсаң мына әлемді ұмытып ерекше күй кешесің... Көз алдымыздағы осы бір сәтті енді ұмытпассыз. Осы бір жанға жайлы тыныштықта, бір сәт аялдап, Сәкеннің «Көкшетау» поэмасынан үзінді тыңдап, бәріміз бірге әуелетіп ән салайық....

Ән: 5 мин

ЭПИЗОД №2

БУРАБАЙ

Сіз аңғарға шықтыңыз, гүлдердің хош иісі мен көлде сылдырлап аққан судың, құстардың дыбысы естіледі. Жаныңыз табиғат аясында рахатқа бөленуде.

Алдыңызда биік-биік таулар. Қарасаң көз тоймайды. Біз қазір Сәкен жырлаған Бурабай тауына қарай бағыт аламыз.

Бұл не? Ненің дауысы? (ақбас бураның дауысы естіледі.) Алшаң басып, аузынан көбік шашып күркіреп Ақбас бура келе жатыр. Ол көлге күнде келіп, тазалығы мен мөлдірлігі үшін су ішіп сусындайды екен. Содан бастап ақ бура мекен қылған көлдің аты – Бурабай аталған деседі. Ақ көбік көпіретін мөп-мөлдір күміс суды көргенде, шаршағаның басылып, бір демалып қаласың. Ерекше қасиеті бар ақ бура жамандықты сезсе аспанды қара бұлт төніп, күн кіркіреп, таудағы аң пана таппай қашады екен.

Ал сіздер Бурабай тауы туралы аңызды білесіздерме?. Ендеше Бурабай тауының шығу тарихы туралы аңызға құлақ түріңіздер.

Жасынан сотқарлығы басым Абылайдың Қасым төре атты баласы болады. Қасым жанына қару-жарақ асынған бір топ жігітті ертіп, тау ішінде келе жатса кенеттен алдынан ақ бас бура шыға келеді. Қасым хан тұра қалып, қолындағы найзасымен ақ бураны атып салады. Өкіріп ақ бас бура көбік шашып, қан ағып, тулап таудан асып кетеді.

Бірнеше күн өткеннен кейін, Қасымның қолынан қаза тапқан, таудай болып шөгіп жатқан бураны жұрт көреді. Хан ұлының бұл ісінен кейін оңбайтынын бәрі біледі, сезеді. Құбылаға басын беріп, қалың ойға шомылып, қабақтарын қарс жауып, ақ бура қозғалмайтын мәңгілік тас болып қатып қалады. Бураша шөгіп жатқан мұнар тау дәл қазір барлық әлем карталарында, бүкіл жер бетінде Бурабай өзіне тән табиғатымен ерекшеленеді.

Тасын түртсең тарихтың қатпарлы сырлары сайрап қоя беретін Бурабай жердің киелі екені осыдан-ақ белгілі. Осы ғажайыптың барлығын өз көзіңізбен көргіңіз келе Бурабайға кел!

Ән:

Жүргізуші: Таңғыштарыңызды шешуге болады, бүгінгі иммерсивті серуеніміз аяқталды.

Талдау.

1. Қандай әсер алдыңыздар? Табиғат аясына жүргендей өзіңізді сезіне алдыңыз ба?

2. «Көкшетау» қандай поэма?

3. Көкшетау – Отан туралы, туған жер туралы поэма. (ой толғау)

Қортынды: Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен көрінеді.

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәкен Сейфуллин «Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы» 2002.

2. Сәкен Сейфуллин «Тау ішінде». Алматы 2012.

3. Сәкен Сейфуллин «Аққудың айырылуы», Алматы «Атамұра» 2003.

4. Сәкен Сейфуллин «Домбыра», Алматы 2005.